

АР ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕЖЕЛГІ ӨРКЕНИЕТТЕР ТІЛІНДЕГІ ТӨЛ МАҒЫНАСЫНА САЛЫСТЫРМАЛЫ АНАЛИЗ

Х. Алфи

АНДАТПА

Бұл мақалада ардың тұлғалық адамгершілік көкжиегіндегі арғы рухани өлшем екенін айғақтауға қажетті ұғымдық айқындылық алғышартына қол жеткізу басты назарда ұсталды. Зерттеу мақсаты ар ұғымының даналық тарихындағы ұғымдық нұсқаларын тарихи лингвистикалық және этикалық мағыналар тұрғысынан салыстырмалы анализдеу, сол арқылы арды өзек еткен қазақы мораль тұжырымдамасының дәстүрлі келбетін реконструкциялап шығаруға талпыныс жасау болды. Бұл зерттеуде феноменологиялық әдіснамаға сүйеніп, адамның қалау-таңдау жүйесіндегі ардың үстем рөлін өздік бақылау және бағалау ретінде сипаттау жасалды; ар ұғымының қазақ, грек, латын, қытай және парсы тілдеріндегі тарихи төл мағынасына этимологиялық, семантикалық және мәдени салыстыру жасалып, олардағы ортақтық пен айырмашылық аңдатылды; «ұят», «ұждан» және «намыс» сынды іргелі этикалық категориялардан ар ұғымының өзіндік айырмашылығын айқындау үшін қазақы әдепкі контекстер мен мағыналарды жеткізу стильдеріне герменевтикалық анализ жасалды; ар мен қалаудың, ар мен ақылдың сәйкестігімен қатар, өзара қайшылықты болу мүмкіндіктеріне де назар аударылды. Мақалада тарихи және мәдени бірегейлігіне қарамастан, қазақы ар ұғымы әлемдік философиялық категориялар жүйесіндегі қатысты терминдермен мағыналас деген қорытынды шығарылды.

С. Сейфуллин атындағы
Қазақ Агротехникалық
Зерттеу университеті,
Астана, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Алфи Х., alpharman@gmail.com

Мақаланың сілтемесі:
Алфи Х. Ар ұғымы және оның
ежелгі өркениеттер тіліндегі
төл мағынасына салыстырмалы
анализ// Адам әлемі. – 2025.
– №2 (103). – Б. 57-66.

Түйін сөздер: қалау, ар, өлшем, ізгілік, ұждан, ұят, намыс.

Сравнительный анализ понятия «ар» (совесть) и его исходного значения в языках древних цивилизаций

Аннотация. Данная статья представляет собой первую часть основного исследования, целью которого является анализ понятия «совесть» с разных точек зрения и описание его базовой структуры и значения. Углубленное и всестороннее исследование понятия «совесть» необходимо, поскольку оно является ключом к выяснению исторической традиции и логики нравственности, и, в особенности, является краеугольным камнем казахской нравственной системы. Целью этого исследования является достижение лингвистического и этического понимания, необходимого для определения того, что совесть является измерением сознания в горизонте личной морали. В данной статье феноменологически описана доминирующая роль совести как самоконтроля и самооценки в системе желания и выбора; также проведены этимологические и семантические сопоставления с историческими понятиями совести в казахском, греческом, латинском, китайском и персидском языках; кроме того, посредством герменевтического анализа соответствующих казахских культурных контекстов была проведена попытка отличить понятие «совесть» от основных этических категорий, таких как «стыд», «раскаяние» и «честь». Наряду с взаимообусловленностью совести и желания, совести и разума, рассматриваются и возможные противоречия между ними. Несмотря на свою историческую и культурную уникальность, сделан вывод о том, что казахское понятие «ар» («совесть») является синонимом родственных терминов в системе мировых философских категорий.

Ключевые слова: желание, совесть, измерение, добродетель, раскаяние, стыд, честь.

A Comparative Analysis of Conscience and its Original Meaning in the Languages of Ancient Civilizations

Abstract. This article is the first part of the main research, which aims to analyze the concept of conscience from different perspectives and describe its basic structure and process. A concentrated and comprehensive study of conscience is necessary, because it is the key to clarifying the historical tradition and logic of human morality, and especially it is also the cornerstone of the Kazakh moral system. The goal of this study is to achieve the historical linguistic and ethical understanding necessary to determine that conscience is a consciousness dimension in the horizon of personal morality. This article phenomenologically described the dominant role of conscience as self-monitoring and self-evaluation in the system of desire and choice; etymological and semantic comparisons were also made with historical concepts of conscience in Kazakh, Greek, Latin, Chinese and Persian languages; furthermore, a hermeneutic analysis of the related Kazakh default contexts was performed to determine the difference of conscience from the basic ethical categories such as shame, compunction and honor. Along with the correspondence between conscience and desire, conscience and reason, attention was also paid to the possibility of conflict between them. Despite its historical and cultural uniqueness, it was concluded that the Kazakh concept of «ar» (conscience) is synonymous with related terms in the system of world philosophical categories.

Key words: Desire, Conscience, Dimension, Virtue, Compunction, Shame, Honor.

Kipicne

Адамның таңдаулары мен талпы-ныстары сыртқы қысым мен талап бойынша жасалуы мүмкін, немесе өздік қажетсінулері бойынша жасалуы мүмкін. Өздік қажетсіну әдетте мәлім ситуациядағы ішкі сұранысқа қатысты пайда болады да, адамның оған мән беру сезімталдығы мен әзірлігіне орай маңыздыланып, қалау аңсарына айналады. “Адам қалауынша істейді, бірақ қалауынша қалай алмайды” [1, 98 б.]. Ішкі қалау күшейген сайын оны қанағаттандыру құштарлығы да артып, түрлі сана қабылеттері автоматты жұмылып, адамда бұл қанағатсыз ішкі толқынды тыншытуға пайдалы қарекетке кірісу ниеті пайда болады. Осынау ынталан-дырып, бағыттап, тіпті мәжбүрлеп тұрған қалаулар кешенін тән қалауы, әуестік қалау, мүдде қалауы және рухани қалау деп төртке жіктеуге болады. Кейінгі үшеуі кең мағынада Абайдың жетінші «Қара сөзінде» айтылатын “жан құмарына” [2] қарайлас келеді.

Мұнда тән қалауы деп үйренуден кел-меген, тіршілік иесі болғаны үшін тума бағдарламаланатын, адамзаттың алғашқы табиғи-тарихи тәжірибелерінен дамыған, өміршендікті сақтау мен қорғау, қоректену мен қуаттану, ләззаттану мен көбею инстинкті бұйырған құмарту импульстері айтылады. Ал әуестік қалау – эстетикаланған қажетсіну бо-лып, әлдененің әсерлі, қызықты және жағымды болуына еліту мен ынтығу ретіндегі қызығулар мен құштарлықтар. Ал, әлеуметтік кеңістікте практикалық ақыл бойынша ұзақ мерзімді, әрі ауқымды өмір сұраныстарына нақты әрі тұрақты жауап беруге пейілділік – мүдде қалауы делінеді. Ол табыс пен жетістіктен тұратын игіліктер үшін нақты мақсат көздейді, орындауға тиіс жүйелі міндеттер жоспарлай-ды, тиімді капитал ресурстарын пайдаланады, білім мен шеберлік қабылеттерін паш етеді. Ал рухани қалау дегеніміз тұтас ғұмырға түбегейлі дәйек мағына іздеу, ғаламды және өмірді оның нақты процестері мен талаптарынан биік тұрып терең және жүйелі ұғынуға, қайта әйгілеуге құлшыну, ізгілік, ақиқат және сұлулық сыңды жоғары құндылықтарға метафизикалық бой ұру күйіндегі жасампаз шығармашылық өмірді дтітеу. Осынау төрт қалау адамды нені істеу мен істемеуге іштей бұйырып қана қоймай, өмір сапасы мен сәттілік деңгейін анықтау көрсеткіші де бола алады. Қазіргі ней-робиология бойынша, адам қалауларының биологиялық орталығы мидың маңдай мен көз артына жайласқан префронтальды қыртыс бөлігінің шамамен төменгі орта қабатына орналасқан болып, оны оң және сол шеке тұсындағы “сөйту” және “сөйтпеу” бұйрығы бақылап басқарады [3, 20 б.].

Дегенмен, адам болмысында төрт қалаумен шектелмей, шешуші сәттегі таңдау мен талпыныстарға өз таңбасын басып, шешім жасау парадигмасын белгілейтін тұлғалық рухани өзек бар. Тұлғалық қасиеті дұрыс

дамыған интеллектуалды кісі бұл өзек ояну-ына сай кей маңызды қалауларынан сәттілік мүмкіндігіне қарамастан ашық бас тарта ала-ды, ауыр сыртқы қысымға иілмейді, өзі тәуелді беделді жүйенің догмалары мен нормалары-на көнбейді. Сөйтіп, тұлға бейнебір қарағайға қарсы біткен бұтаққа айналып, дарлықтың тұлғалық төкаппарлығын көрсетеді. Егер бұл рухани өзекке ол өзі қайшы келсе, Мен өзегінен “өздік сотқа” тартылатын болады. Демек адамдық еріктілікке іштей ілтипат етілу ақырғы есепте сол өзек құзыретінде. Адам идентитиіне (кімдігіне) өкілдік етіп, дұрыс де-генге өзін бұйырып, қате дегеннен өзін бас тарттырып, ал бағынбаса өзін іштей жазалай-тын осынау қалауларға рұқсат беруші өзек – адамдық қасиет көкжиегіндегі темірқазық, – ар деп аталады. Адам өз қалауын Шопенга-уэр айтқандай қалауынша қалай алмайтыны рас, бірақ адам жай ғана қалаулар құлы емес, онда қалаудан биік зерде түкпірлері бар, яғни ар бұйрығы бойынша адам өз қалауын өзі қаламай, қалауын орындаудан ашық бас тарта алады.

Адам ғұмырында күнделік тіршілік процессі қарапайым ережелер бойынша дағдылы жо-сынмен, жаттанды қалыппен жалғасып жата-ды. Ал ерекше жағдайда, ерекше адами күйде, әсіресе адамның жо-ғары зерделі асқын сана-сы сыналған сәтте, интеллектуалды тұлғаның таңдауы мен тал-пынысы қарапайым ережелерге түспейді. Де-генмен осынау ережесіздіктің өзі үлкен ере-же. Бейне Нобель лауреаты Жозе Сарамаго айтқандай, “хаос – әлі де құпиясы ашылмаған тәртіп дегендік” [4, 26 б.].

Адам ғұмырындағы қалау мен орындау, ақыл мен шешім қайшылығы, қарағайға қарсы біткен бұтақ фактілері, әсіресе сындарлы сәттегі қалау мен ақылдың жарамсыздығы секілділер адамтануды ар құдіретіне жүгіндіреді. Ол этикалық, танымдық және психикалық мәнге ие зерденің қорытқы ұстанымы ретінде тұлғалық идентитиге өкілдік етіп, тұлға таңдауының шынымен соның өз таңдауы болуын белгілейді. Сондықтан, басқаны айтпағанда, ар бостандығы адам құқықтары жүйесіндегі аса іргелі ұғым есептеледі. БҰҰ Бас Ассамблеясы 1948 жылы қабылдаған, көптеген мемлекет-тер қол қойған Адам құқықтарының жалпыға бірдей халықаралық декларациясының 1 ба-бында: “Барлық адам тумысынан еркін әрі қадірі мен құқықтары тең. Адам ақыл мен арға ие, олар өзара бауырмал рухта қарым-қатынас жасауы тиіс,” – делінсе, 18 бабында: “Әр адам ойлау, ар және дін бостандығына құқылы” [5] – делінген.

Әдіснама

Бұл зерттеу адам санасындағы ар феноменінің құрылымы мен функцио-нал-ды жұмыс механизмін анықтау міндеті бой-ынша оны сезімдік, танымдық және еріктік

дербестікке ие зерделік өлшем (demention) – ниет пен әрекетті белгілеуге және өлшеуге қабылетті ішкі бірлік өзегі ретінде сипаттап, оның қалау мен ақылдан жоғары түрде тұлғалық идентитиге өкілдік ететін бақылаушы және бағалаушы екені көрнекіленеді. Бұл зерттеуде психологиялық анализдеу әдістері, семантикалық және тарихи салыстыру әдістері, әсіресе тұрақты контекстерді герменевтикалық анализдеу әдістері арқылы ар ұғымының мағынасын ашу сынағы жасалды. Ар ұғымы ретіндегі ежелгі тілдердегі терминдердің тарихи төл мағынасын айқындап, өзгерістеріне шолу жасау мақаланың негізгі ұстынын құрады да, зерттеу тақырыбы туралы түсінікті өткірлей түсті.

Бұл зерттеуде Абай мен Шәкәрімнің ар туралы әдеби-философиялық ойларынан нәр ала отырып, қазақы ауызша-жазбаша мәдени мұралар мен ауызекі сөйлеу тіліндегі ар ұғымына қатысты дағдылы контекстерге зер салынды. М. Қашқари, Ж. Баласағұни еңбектері негізінде ар ұғымы мағынасын ашатын ортағасыр түркі тілді тарихи деректерге де тың сілтемелер жасалды. Сондай-ақ ежелгі стоицизмнің, сосын И. Кант, Ф. Ницше және З. Фрейдтің ар туралы философиялық тұжырымдамаларын ескере отырып, А.Джубилини, С.А.Пирс, Х.Арендт, Н.Сарак секілді зерттеушілердің ізденістері сыни түрде пайдаланылды.

Негізгі бөлім

Қалау және ақыл. Қарапайым ақылға жүгінсек, адам өз қалауын қажетті таңдаулары арқылы қанағаттандырады және бұл сұраныс орындалса, іштей соған риза болады. Бірақ осы тұста терең саралауды күткен екі мәселе кесе-көлденеңдейді. Біріншісі, адам әрқашан қалаулары бойынша белсене бермейді, қайта қажетсіну тумаған, қара басына қатыссыз, тіпті залалды, әрі қауіпті іске де үлкен жігермен батына алады. Бұл мүмкіндік адам еркіндігін бейпілдікпен теңестіріп, нені істегісі келсе соны істей алуы деп түсіндіруді терістейді, өйткені тұлғаның уәжін негіз еткен еркіндік әлдеқандай астарлы асқын өлшемді таған етіп жасалады, ал қалау адамның өздік идентититіне толық өкілдік етпейді. Екіншісі, қалау белсенділік арқылы қанағаттанып, таңдау сәтті орындалса да, кейін қайта қараған адам бәрібір өзінің сол істеріне риза болмауы мүмкін, керісінше кезіндегі сәтті нәтижеден кейін азапқа түсу жеке тәжірибесінде жиі кездеседі.

Сол секілді, қалыпты жағдайда адам өз практикалық ақылына өзі бағынуға тиіс болатын, ақылы оған жағдайды санада айқындап, істің өнімді процедурасын жобалап, орайды қолдан бермей, дәл әрі нақты істеу мен сөйлеуге, сөйтіп аз шығынмен қысқа уақытта мол игілікке қол жеткізуге бұйырады. Өйткені ақыл дегеніміз теориялық тұрғыда құбылысты түсіндіру мен мәселені шешуге

жұмыл-дырылған пайымдау қабылеті болса, ал практикалық тұрғыда расталған қатысты ақпарат пен білімге сүйеніп, өткір ойлау процессі арқылы сенімді шешім моделін қорытып шығару қабылеті. Демек қажетті ақпараттар қолжетімді болса, онда ойлауға қабылетті болмыс үшін істі дұрыс істеу процедурасы мен жүйесін ақылмен айқындау қиын болмайды, бірақ адамның төл Менінің талабын қанағаттандырып, тегі ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін ақылға салып шешу соншалық оңай емес. Әрбір істің қайткен күнде де оң, игілікті жағы және теріс, залалды жағы болады; әрбір қол жеткізу өз кезегінде әлденені жоғалтуды да қамтиды. Қатар келген әртүрлі істерді асқын ақылды – гиперрационалды түрде салыстырулар арқылы дұрыс шешім шығару кейде жаңсақтық пен шатасуға апаруы мүмкін. Өмір өрісі парадоксті, абсурдты ситуацияларға бай, ақыл қандай парадигма басымдығына ден қойғанына қарамастан, барлық перспективаны түгел жабатын және барлық мәселені тең шешетін ақылдылық жалған иллюзияға ғана. Сындарлы сәтке дөп келгенде ақыл рөлі әлсіреп, интуитивті және иррационалды шешімдердің бәсі артады, өйткені адамдағы бұйырушы, бақылаушы және бағалаушы өлшемдер ақыл аясына сыймайды, болмыс мағынасы да ақылды қисындармен шектелмейді. Әсіресе ерекше жағдайда адам ақылды ойланып, он өлшеп, бір кесіп тұруға мұрсасы болмайды, рух дұрыс-бұрыстыққа бірден дәл әрі нақты өкім айтуы керек.

Адам болмысының іштен басқарылу жүйесі оның іштен бұйырылуына ғана емес, іштен бақылануы мен бағалануына да негізделеді. Бұл арғы өзек – Мендік болмыстың өздік бақылауы мен бағалауы жүйесі адамның ар өзегі болып, қалау мен ситуацияға қарамастан, қалыпты адами деңгейде бейнебір “көкей көзі” секілді арғы жағымыздан Меннің таңдауын адамгершілік ізгілік, құндылық, парасаттылық және еріктілік өлшемдері бойынша күнбұрын астыртын зерделеп, саралап, неге талпыну керек, неден бас тарту керек, не дұрыс, не бұрыс, алдын-ала белгілеп отырады. Сөйтіп ар адам қалауының өзін қалайды, не қаламайды. Яғни, адам санасында мәлім қалау туып, ол жан мен тәнді түгел кернеп, солай істеуге Мені ынтығып тұрса да, бәрібір өз эгосын жеңген ерік күші мығым адам ар бұйырығын басшылыққа алып, өзін өз қалауын орындауға жібермей, ішкі сұранысынан бас тартуы мүмкін. Өрине, адамның өздік тежелуі оның болуы мүмкін зардаптан алаңдауынан, ішкі үрейінен, немесе өзіне сенбеуінен де болады. Ал жоғары адамдық ережелерге табиғи негізделген, тұлғаның ерік күшін сынайтын, тұлғаның идентититіне өкілдік ететін бұл түрдегі өз-өзін ұстау – ардың құдіреті. Бұл бір. Сосын, тұлға өз қалауы үшін белсеніп, қанағаттану операциясы сәтті жүрісіп, мақсат орындалса да, бәрібір оның ары өз ісін тура көрмеуі мүмкін. Сана-лы адам әр таңдауын, әр жасаған ісін санада

қайта елестетіп, қайта салмақтайды. Бұл қайта тексеру істің сәтті, не сәтсіз, өнімді, не өнімсіз орындалғаны жөнінде емес, маңыздысы оның ары тұрғысынан шынымен дұрыс таңдау болған-болмағаны туралы.

Демек ар деп аталатын, адамгершілік қазығы дерлік осынау құдіретті өзек тегі не нәрсе? Оның ережелері қандай және қайдан келген? Ол қандай процесс жүйесіне сай жұмыс жасайды? Оның басқа сана мүмкіндіктерімен, әсіресе басқа зерде өлшемдерімен байланысы қандай? Ол шынымен қателеспей ме? Оның адам ғұмырындағы және қоғамдағы орыны мен рөлі қандай? Бұл сауалдар ішіне бүккен шындықты анықтау үшін моралдық, танымдық, психологиялық және лингвистикалық призмалардан ар ұғымына үңіліп, алуан ситуациялардағы ар әйгіленуіне пайымды анализ жасау керек.

Қазақтың ар ұғымы. Арғы тамыры ежелгі көшпенділер мәдениетіне, Тәңірілік сенімнің адамгершілік ұстанымдарына тұтасып жатқан деуге болатын ар ұғымы адамдық қасиеттің қазақты қазық ұғымдарының бірі ретінде күнделік тұрмыстан тартып, ірі оқиғаларға дейін басшылыққа алатын ықпалды ұлттық даналық ұстыны болғанын көптеген ұлттық дана тұжырымдар айғақтайды: “Малым жанымның, жаным арымның садағасы”, “Жарлы болсаң да арлы бол”, “Адалдық ардың ісі”, “Жігіт құны – жүз жылқы, ары – мың жылқы”, “Арсыз адам – тұзсыз тағам”, “Бетінің арын белбеуіне түйіп” және т.б.

XI ғ.-да жазылған Махмұт Қашқаридың «Түрік сөздігінде» ар ұғымының мағынасына сілтейтін сөздер тобы кездеседі. Мысалы «арығ» – таза, пәк, (38 б.) «ағыр» – қадірлі, бағалы, қымбат, береке, оң, (82 б.) «арыншұ» – күнә, (163 б.) «арығлық» – тазалық, (179, 181 бб.) «арытқан» – тазартатын, (185 б.) «арынды» – арылу, (“ер арынды”) (240 б.) «арытты» – тазартты, аршыды, (245 б.) «арқаланды» – арқаланды, сүйінді, (351 б.) «артұқланды» – артықтады, (“ер артұқланды”) (370 б.) «арқұқланды» – бас тартты, (371 б.) т.б. [6] Бұл сөздерден біз кем дегенде “ар” түбірінің адамның бағалы, оң қасиетке ие таза өзі болуын білдіретін мағынада екенін аңғарамыз. Кей сөздер бойынша көне түркілер дүниетанымында күнә сезімі (ар азабы) де осы сөзбен байланысты екенін, белгілі жалғау жүйесінде ол бас тартуды да білдіретінін байқаймыз. Дегенмен, ар ұғымының мыңдаған жыл бұрынғы әуелгі мағынасына реконструкция сынағын жасау лингвисттер үшін жаңа тақырып болар еді.

Осы еңбекпен бір уақытта жазылған Жүсіп Баласағұнидың «Құтты білік» еңбегінде ұят (uyut) ұғымымен қатар ар ұғымы да қазіргі мағынаға жақын дерлік қолданылған деуге болады. Осы шығарманың 6250 шумағында “Bayatka sıǵıñıl kamuǵdın üzül, // köñül til arıǵ tut kılınçın süzül” [7, 325 б.] делінеді. Мұндағы “Көңіл тіл арлы тұт, қылыңсын сүзүл (сүзілсін)” деген тіркес түркі қазақы ар ұғымын төл

мағынасында анық айтқан деуге болады. Осы мағынадағы сөз 2190 мәтінде де бар және бұл М.Қашқари сөздігіндегі дәл осы сөздің мағынасымен бірдей. Еңбектің қазақша нұсқасында “Бәрінен без, Тәңіріге жалын да, // Көңіл, қылық, тілді пәк тұт, арыл да!” делініп, аталған сөз “пәк” деп аударылған. [8, 493б.] Ал түрікше нұсқасында “Her şeyi terk et, Tanrıya sığın; gönül ve dilini temiz tut; hareketini düzelt,” – делініп, аталған сөз “temiz” (таза) деп аударылған [7, 325 б.]. Демек ар ұғымы ежелгі заманда таза, пәк, арғы өзі, қоспасыз дәл өзі секілді мағыналарда аңғарылатын этикалық, адамдық қасиет мағынасындағы ұғым ретінде тұлғалық рухани болмысқа (көңіл, тіл) қаратып қолданылған абстракт ұғым болған деуге болады.

Ар туралы кесімді әрі келісті ойлар нәпірі Қазақ ақын-жазушылары еңбек-терінде мол кездеседі. Олардың кейі қазақ қоғамында жиі айтылатын тұрақты тіркеске айналған: “Пайда ойлама, ар ойла” (А. Құнанбайұлы), “Жайнар көңіл, қайнар өмір, // Ар білімі оқылса” (Ш.Құдайбердіұлы) “Жаннан қымбат адамға ар” (М. Жұмабаев), “Ар жазасы - бар жазадан ауыр” (М. Әуезов), “Әдебиет ардың ісі” (З. Қабдолов), “Асықпаңдар ағайындар, ар майданы әлі алда” (М. Мақатаев) “Ана тілің арың бұл” (Қ. Мырза Әлі) т.б. Ар ұғымы бір буынды түбір сөз ретінде орта жолда жасалған туынды сөз еместігін ескерсек, бұл пікірлердің тамыры арғықазақ түсініктерімен сабақтасып жатыр.

Ар бұйрығына адалдықтың жарқын мысалын арыға бармаған-ақ 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің батыры Қайрат Рысқұлбектің «Ақтық хатынан» да табамыз: «Екіншіден, алаңда қазақтың уыздай жас қыздарын ұрып-соғып, өлтіріп жатыр дегенді елден естіген соң, өз басым қолымды жайып «күл болмасаң, бұл бол» деп отыруға еркектік ар-намысым еш жетпеді» [9]. Яғни есіл азаматтарды күреске үндеген олардың жоғары интеллектуалды пайымы мен әділдікке деген асқан жауапкершілігі болса, ал тәуекелге бел будырып, зұлымдыққа қарсы тайсалмай майданға алып шыққан олардың ар-намысы екені анық.

Абай, Шәкәрім бастаған қазақ ағартушыларының ар туралы ой-пікірлері соған дейінгі ұлттық таным дәстүріне мұрагерлік етті, ар мағынасының жаңа қырларын ашты, былайғы қазақы артану және ағарту ізденістерінің жалпы беталысына жол сілтеді. Ар ұғымы тіпті де кең аяға қойып, тіпті де нақты әрі жанды мысал-дармен байланыстырып, қазақы және әлемдік тарихи жетістіктерден нәр алып, әсіресе психология, этика, нейробиология, мәдениет зерттеулері саласындағы ғылыми тұжырымдарға ден қойып, сол арқылы бұлдыр, таптаурын, екіұдайы, тіпті шатасқан тұстарды еңсеру сынағын жасауға батылдық ету ағартушылар жолын жалғастыруға адалдықты білдіреді.

Көне гректердің ар ұғымы. Ар ұғымы қазақы түркілік төлтума ұғым болғанымен, мәдени

мазмұндық айырмашылығы мен ұлттық дәуірлік ерекшелігіне қарамастан, онымен мағыналас ұғымдар түрлі өркениет тілдерінде бұрыннан зерттеліп келеді. Ар ұғымының төл мағынасына бойлауды қазақы мәдениет және тіл аясымен шектемей, оны әлемдік мәдениет көкжиегіндегі қатысты ізденістермен қатар байланыстыра зерттеудің маңызы зор.

Грекше *suneidēsis* (ар) ұғымы *sun* (өзара, бірге) және *oida* (білу, аңғару) сөздерінен жасалған *sunoida* (συννοῖδα, өзара бөліскен ішкі білім) сөзінен бас-тау алады екен. [10, 176 б.] Ол б.з.д VI ғ.-дан бастап грек қоғамындағы секулярлі мағынадағы халықтық даналық сөз ретінде көне грек ақындарының, драматургтерінің, тарихшыларының, емшілерінің, рито-рикерінің, жазушыларының және фило-софтарының еңбектерінде жиі кездесетін танымал сөз болған. [11]

Ал, *suneidēsis* (әдеби бейнелеп айтқанда сөзбе-сөз мағынасы өзімен моралдық білімді бөлісу [12]) ұғымы “ар” мағынасында, яғни санадағы санадан биік зерде өлшемі ретінде алғаш Демокрит еңбектерінде кездеседі. Ол былай деген: “Кей адамдар өлген соң адам табиғатының жойылатынын түсінбейді, бірақ өміріндегі жамандықтарынан арланып (*suneidēsis*), өмірін алаңдау мен үрейде өткізеді де, о дүние туралы жалған ертегілер ойдырып шығарады” [11].

Еврипидтің «Орест» еңбегінде мына-дай диалог бар: “Менелаус: – Сізді не ауыртады? Сіз үшін ең қорқынышты ауру не?” “Орест: – Менің арым (*suneidēsis*); мен қорқынышты қылмысқа кінәлі екенімді білемін” [11].

Ал Платонның «Қонағасы» диалогынан аңғарылатыны, егер әлдекім өз жаны үйлесімділікті сақтау үшін орындауға тиіс жауапкершілік туралы ақиқатты біле тұрып орындай алмаса, ол ауыр ар азабын кешетін болады.

Ар ұғымы Аристотельдің «Никомах этикасында», сосын әсіресе стоицизм философиясында нақты ғұмыр тәжірибесін айшықтайтын “парасат” (*phronesis*) түйіні ретінде жүйелі пайымдалған. Дегенмен, көне гректердің бұл туралы ойларының ауқымы кең, мағыналық қыры күрделі, арнайы тоқталып, жүйелі зерттеуді талап етеді.

Ортағасыр ар ұғымы. Ортағасыр латын тілді зерттеулер грек *suneidēsis* сөзін сөзбе-сөз аударып, *conscientia* (*con* – бірге, *scientia* – білім) ұғымын қалыптастырады [13]. Дегенмен көне гректік ар ұғымның секулярлі мағынасын діни мағынаға ауыстыру үшін *suneidēsis* сөзінің дыбыстық баламасынан тағы *synderesis* сөзі жасалады [14, 67 б.]. Сөйтіп ортағасыр христиан философиясы, әсіресе Бонавентура, Томас Аквинат секілді схоластиктер үшін *conscience* дәстүрлі ар ұғымын білдірсе, ал *synderesis* арды дұрыс жолға жетелейтін христиандық ақиқат, яғни құдай сөзі негізіндегі этикалық ережелер болады. Бірақ *synderesis* ұғымы жаңа заман философиясында біртіндеп мәнін жоғалтады.

Байқағанымыздай, ар ұғымы ежелгі өркениеттерде киелі мағынада киелі түсініктермен сабақтасып жатқанымен, бірақ діни ұғым емес, зайырлы ұғым болған. Ар мағынасын ортағасырда идео-логияға айналған Ибраһимдік діндер өз талабына бейімдеп түсіндіруге тырысқаны байқалады, бірақ бәрібір ар ешқашан іргелі діни ұғымдар санатына қосылмайды, ары болғанда ол тек теологиялық зерттеулердің маңызды бір нысаны болумен шектеледі. Ибраһимдік діндердің түпнұсқасы болған иудаизмнің қасиетті кітабы «Тәураттан» ар ұғымына сай келетін арнаулы сөз кездеспейді екен. Көне еврей тілінде адам өзегіндегі өздік өлшем ретіндегі ар ұғымына жақын сөз жоқ [15] делінген. Бұл бәлкім көне еврей дүниетанымы тұлғалық санаға емес, Құдайдың бұйрығын орындайтын пенде ретіндегі діни ұжымдық санаға негізделгенінен болса керек. Әсіресе адам таңдауын періште-шайтан мифі бойынша періштенің жақсылыққа жетелеуі мен жамандықтан қағуы, ал шайтанның аздыруға тырысуы арқылы түсіндіру де таза ар ұғымын дүниетаным жүйесінен тысқары қалдырады. Ал христиан дінінің «Жаңа Келісімінде» (New Testament) кездесетін гректік *suneidēsis* ұғымы зайырлы этикалық мағынадағы антикалық ұғымға христиандық мағына жүктеуге негізделген [15]. Яғни адам тек христиан болғанда барып дұрыс арлы бола алады, ары куәлік етуге жарайды, болмаса ар адамды аздыратын бұзық арға (*erroneous conscience*) айналады [16, 441 б.]. Демек олар христиан дініне сенбейтін кісіде ар және адамгершілік болуына күмән келтіреді, дін қалыптаспаған замандардағы ұлт-ұлыстарды, дін тарату жетіп бармаған өркениет халқтарын арлы және адамгершілікті болу мүмкіндігінен айырады. Ал, ислам дініндегі имандылық (сананың исламдық сенімде болуы), тақуалық (Аллаға адалдық пен құлшылық) және көп мағыналы нәпсі ұғымдарын шартты мағынада армен байланыстыруға болады, бірақ ішкі өздік өлшем ретіндегі арнайы ар ұғымы «Құранда» кездеспейді, тек кейбір хадистерде, мысалы Уабиса ибн Мағбадқа қатысты хадисте Пайғамбар жағынан жүрек өмірін тыңдау туралы ойлар айтылады [17].

Қытайлық ар ұғымы. “Адам табиғаты тума ізгі ме, әлде пасық па, әлде екеуінің бірлігі ме, әлде ізгілік пен пасықтықтан бейтарап па?” – деген төрт түрлі жауап мүмкіндігіне ие сауал төңірегіндегі пікір-талас бойынша Қытай философиясы тари-хында *liang xin* (ар) ұғымының мағынасы туралы түрлі парадигмалар жасалған. Қытайлық мағынадағы ар ұғымы – *liang xin* (сөзбе-сөз аударғанда “тамаша жүрек”) сөзін алғаш көне Қытай ойшылы Мэн-цзы қолданған. Б.з.д. IV ғ.-да жазылған «Мэн-цзы» кітабының «Гао-цзы» тарауында былай делінген: “Адам бола тұрып, қалай ізгіліксіз және жауапкершіліксіз болуға болады? Өз арынан (*liang xin*) айырылу, бейне ағашты

балталауға ұқсайды; күнде кескілей берсе, ол қалай әдемі болады?” [18, 122 б.]. Демек, Мэн-цзы бойынша, ар адам үшін көңілдің табиғи ізгілік қасиеті, ол адам табиғаты тума жақсы екенін растайды.

Дегенмен, liang xīn ұғымы жүректің ізгі ниетін білдірсе, оған синоним ретінде қолданылатын liang zhī (тамаша ақыл) ұғымы да ар ұғымының зерде тұрғысынан айтылған нұсқасы болып, Мэн-цзыдан бастап бұл ұғым да ежелгі Қытай философиясында адам табиғатының ар өлшемін пайымдауға пайдаланылған. Бұл сөз әсіресе Қытай ойшылы Ван Янминнің XV ғ.-да жазған «Төрт сөзді тағылымында» ар ұғымы мағынасында кездеседі, онда “ізгі мен пасықты білу ар (liang zhī) болады” делінген [19, 85 б.]. Ван Янминнің ойынша, ар дегеніміз әр адамның жүрегіндегі туа біткен мән есептеледі. Ол ізгілікті біледі, ізгі мен пасықты ажырата алады. Ар қашанда әдемі, ізгі, жарқын. Бұл сөз батыстық conscience ұғымына жақынырақ келгендіктен, Қытай және Жапон тілді әдебиеттерде liang xīn ұғымымен қатар ар ұғымы мағынасында кең қолданыс тапқан.

Парсылық ар ұғымы. Зерттеушілер қазақ тіліне көне парсыдан енген oʻzdan (ұждан) сөзі weʻ (өз) және dēn (дін, рухани білім) сынды екі сөздің бірігуінен жасалғанын айтады. [20] Мұндағы dēn сөзі діни сенім, аңғарым, көрегендік, яғни ежелгі түсініктегі дін ұғымы мағынасын беретін Зороастризм термині болып [21, 131-132 бб.], «Авестада» daēnā – ізгі Құдай Ахура Маздаға сенген кісінің ішкі әлемінің саналылығы мен арын айшықтаған. [22] Зерттеушілер дзен буддизміндегі дзен (zen) ұғымы [23] [24, 395 б.] да, үнді философиясының қазық ұғымы дхарма (dharma) [25] да осы dēn сөзіне қатысты болар деп болжайды.

Парсы және түркі халықтарының тарихи-мәдени сабақтастығына сүйеніп, қазіргі қазақы мәдени құндылықтар арасынан ежелгі Заратустра дінінің Тұран мәдениетіне ықпалын айқын байқауға болатынына негізделіп, Қазақ тіліндегі “дін” ұғымы да Зороастризмдік dēn сөзінің жалғасы деп жорамалдауға болады. Дегенмен “ұждан” ұғымы жоғарыдағы екі сөздің қосындысы екені қазақ тілінде тіке көрініс таппағандықтан, қазақша бұл сөздің мағынасын түсінуге тарихи сөзжасам жүйесін аңғарудың әсері жоқ. Яғни қазақ ұждан ұғымын этимологиялық “өз діні”, “өз сенімі” мағынасында түсінбейді, қайта оны контекстік біртұтас мағынада арға жақын ұғым ретінде қабылдайды. Зороастризм ықпалы кейінгі мыңжылдықта барынша құлдырап, ал ислам діні таралған соң, бұл ұғымның төл мағынасына қарата мәдени және танымдық сезгірлік әлсіреп, ұждан ұғымы исламдық мазмұндарды көптеп жүктеді.

Соңғы мыңжылдық бойында ұждан ұғымы қазақы мәдениетте ар ұғымымен бәсекеге түсіп, діни мағыналар бойынша ар ұғымын ығыстыруға тырысты. Қазақ қоғамындағы

ар ұғымына ұждан сөзін жалғап айту тренді де тілдік мәдениеттегі осы қайшылықтың көрінісі есептеледі. Кейбір түркі халықтарында ар ұғымы өшкіндеп, тіпті жойылып, ұждан ұғымына орнын босатқанына салыстырмалы түрде қазақы мәдениетте ол өміршеңдік сақтады. Қазақ тілі ұждан ұғымын ұлттық мәдени көкжиектегі тілдік дағдылы контекст жүйесі бойынша ұят, намыс, ізгілік секілді түрлі этикалық ұғымдар торына сәйкестендірді, әсіресе күрделі мағынаға ие ар ұғымына үйлестірді. Сөйтіп ұждан ұғымы әуелгісінен айқын мағыналық өзгеріске ұшырады. Ұждан ұғымына қатысты дағдылы грамматикалық және логикалық құрылымдарға зер салып, түрлі этикалық ұғымдарды салыстырмалы анализдеген кезде бұл пікір растала түседі. Демек бұдан шығатын қорытынды, парсы және қазақ тіліндегі “ұждан” ұғымдары толық бір мағынада емес, ұждан сондай-ақ ар ұғымымен де синоним емес.

Ұят, ұждан және намыс ұғымдары. Ар сөзіне мағынасы жақын, тіпті қосарланып қолданылатын ұғымдар торында ұят (ар-ұят), ұждан (ар-ұждан) және намыс (ар-намыс) секілді ұғымдарды айтуға болады. Аталған үш ұғымға қатысты сөз топтарын былай жіктеуге болады: 1) Ұждан, ұжданды, ұждансыз, ұжданына қайшы, ұжданы күй, ұждан азабы, т.б. 2) ұят, ұялу, ұялмау, ұятты, ұятсыз, ұяттан өртену, ұялшақ, т.б. 3) намыс, намысты, намысшыл, намыстану, намыстанбау, намыссыз, намысы жібермеу, намысы тапталу, намысын ту ету, т.б. Академиялық тілде синоним сөздер болмайды, болмауы керек дейміз, дегенмен онсыз да бұл үшеуі мағыналас емес, қатысты ситуациясы да, басшылыққа алатын ережесі де, сана әлеміндегі жүрісу механизмі де, сөз-өрекетте бейнелену формасы да бір-бірінен мүлде өзгеше. Олар ар ұғымын анықтауға көмектеседі, бірақ ешбіреуі ар ұғымының төл мағынасын жеке түрде бере алмайды.

Әдетте ұғым мағынасы тілдегі дағдылы контекстерде айқын көрінеді; олар адамдардың мәлім ұғымды қандай мағынада түсінетінін және қолданатынын білдіретін айқын көрсеткіштер есептеледі. Осынау көрсеткіштерді негіз етіп, адам өз ойын бейнелеу және жеткізу үшін тіл ойнатады. Дағдылы контексттердегі ұғымдар қолданысының өзгешелігі олардың мағына айырмашылығына сілтейтін негізгі жіп ұшы. Демек, қазақ тіліндегі ұят, ұждан, намыс және ар ұғымдарына қатысты дағдылы контекстерге ден қою, бұл ұғымдарды ұлттық мағынада түсінудің кілті есептеледі.

Ар және ұят. Алдымен ұят ұғымына тоқталайық. “Тойда ескі киім кию ұят” деуіміз мүмкін, бірақ “тойда ескі киім кию намыссыздық, немесе ұждансыздық, немесе арсыздық” демейміз. Өйтсек ұғымдар қарабайырланып қана қоймай, төл мағынасы бұрмаланады. “Жұрттан ұят”, “өзгеден ұят” дейміз, яғни өзге арқылы бағалануға құрылған

ұяттың түп қайнары өзін өзгемен салыстыру. “Басқалар емтиханнан 5 алғанда менің 3 алуым ұят” десек, бұл ұят сезімінде қызғаныш та, еліктеу де, үлгі тұту да, өзін айыпты сезіну де, қор санау дығы да бар. Ал, шын арлы адам кейде ұялмайтын адам секілденуі мүмкін. Мысалы, емтиханда 3 алудан ұялып, орай болса жауаптарды көшіруге тырысатындар көп; ал білмейтінін білемін деу, өзіне лайық емес баға алу арына қайшы екенін аңғарған кісі емтихан нәтижесін пысықтықпен көбейтуге ұрынбайды, арына адалдық олардың үш алудан ‘ұялмауын’ белгілейді. Бірақ арын шын тыңдайтын кісі негізінен намысшыл болады, ол сәтсіздікті еңсеріп, жағымды нәтижеге жету үшін алда қазіргіден де зор белсенділікке жұмылатын болады.

Егер “көшіруден ұялады” десек, онысы көшірудің қате екенінен арланудан емес, жай ғана бақылаушының (басқалардың) санасындағы әлдекімдердің, тіпті Құдайдың) көріп қоюынан қымсыну, қорыну сезімі ғана. Егер бақылаушы болмаса олардың ұяты да қоса жоғалады, өйткені өзін сырткөзден оңаша сезінген адам үшін ұялудың мәні жоқ. Әдетте ұры да, жемқор да ешкім көрмеген соң өз жамандықтарын ұялмай жасай береді. Егер ұры ұрлап жатқанын жұрт көріп тұрса, жемқордың өз мекемесінің қазынасын тонап жатқаны ашылып қалса, басқаны айтпағанда қалыпты адам ретінде олардың өздері де қатты ұялып, өзін қоярға жер таппай қалар еді. Ел қарап тұрса да ұялмай ашық жамандық жасайтындар сирек кездеседі. Демек ұрылар мен жемқорларда да негізінен ұят толық бар болады, бірақ оларда ар бар деу қиын.

Бұдан шығатын қорытынды, ұят адамда болатын ірілі-ұсақты моралдық сезім күйінің бір жайсыз түрі болып, қандайда бір бақылаушы алғышарттарға салыстырмалы туатын қуыстану және қымсыну сезімдері болып әйгіленеді. Бейне күшті жарықтан көзі ұялып, тік қарай алмағаны секілді, адам түрлі авторитеттер алдында ұят сезімінен төменшіктейді. Сондай өзгелерден, әсіресе авторитеттерден қуыстану мен қымсыну сезімі кем тұлғалық мінездеме әдетте ұятсыздық делінеді, ол морал психологиясының іргелі ұғымы. Өйткені ешкімнен әрқандай жағдайда ұялмайтын адамның ұятсыздығы моралдық мәселе туғызады. Дегенмен, ұялудың тартыну мағынасы да бар, ол әдетте ұялшақтық делініп, ырықсыз, тартыншақ мінезді білдіреді.

Демек, ұят пен ар тең емес: кей жағдайда ұят ардың коммуникациялық, әлеуметтік сипаттағы көрінісі болса, ал көп жағдайда ұят арға мүлде қатыссыз түрде жекелік психологиялық мінездемені ғана көрсетеді. Тіпті ұят сезімі тым күшті адам арлы болудан ұялып, арына сай таңдау жасаудан бас тартуы да мүмкін. Ар сыналатын сындарлы ситуацияда тұлға санасында жүз беретін күрделі эмоциялық күйге назар аударсақ, бұл пікірдің негізділігін айқын аңғарамыз.

Ар және ұждан. Тұлғалық сөз-әрекетті өзгелер бақылап, бағалаған жағдайда туатын моралдық сезімдік күй – ұят делінсе, ал өзгелер назарына қарамастан, өз ісінің моралдық мағынасын өзі аңғарудан туатын моралдық сезімдік күй – ұждан (парсыша емес, қазақы мәдениет және таным дәстүрі бойынша) делінеді. Демек бұл екеуіндегі басты айырмашылық сонда, ұят топқа, қоғамға, ортаға, сырткөзге қатысты туатын моралдық сезім; ал ұждан негізінен жекелік, іштей, өзімен-өзі болатын моралдық сезім. Ұжданды шартты мағынада “өз-өзінен ұялу” деп атауға болады. Екеуінің де эмоциялық сипаты басым, бірақ ұждандікі әлдеқайда табиғи, күшті және тереңірек. Адамның мәлім ситуацияда қайсысын таңдауын – ұяла ма, әлде ұжданы күйе ме, мұны жолыққан жағдайдың ерекшелігі мен жекелік бейімділік белгілейді. Дегенмен олар дербес әрі саф болмайды, әрқашан бірі екіншісін қамтып, сабақтасып жатады.

Шәкәрім Құдайбердіұлының ұждан туралы пайымдау логикасы ғылыми көпшілікке таныс болса да, мәселені қою жүйесі, сондай-ақ ұждан және ар ұғымдары шекарасын белгілеуі әлі де бұлыңғыр. Бұл Шәкәрім философиясы туралы кейбір жеңіл пікірлерді де туғызған. «Үш анық» еңбегінің үшінші анығын ойшыл ұждан мен арды өзара шендестіруден бастайды: “Адамдағы ынсап, әділет, мейірім үшеуін қосып айтқанда, мұсылманша ұждан, орысша совесть бар. Бұл не? Бұны істеп тұрған кім? Бұған жауап берушілер «адамшылық ары соны істеуді ұнатады» дейді. Менше, бұл жауап сол ұжданың солай қылғанды ұнатады деген болып шығады” [26]. Яғни, ұждан қайдан келген деген сұраққа Шәкәрім “адамшылық ардан” келеді деген жауап берілетінін айтады. Осы тұстан біз екі пікір тұжырымдай аламыз, бірі, Шәкәрім бойынша ұждан мен ар синоним сөздер емес, қазақы мәдениет оларды екібөлек түсінген; сосын екіншісі, ар әдетте ұжданға қарағанда арғы нәрсе болып, ол себеп категориясына тән, ал ұждан “жан тілегі” ретінде “ынсап, әділет, мейірімде” көрініс табатын әйгіленіс (arrearance) категориясына тән.

Бірақ мұсылмандық сенім жүйесіне негізделген Шәкәрім “ұжданның себебі адамдық ардан” деген пікірге келіспейтінін айтады. Ол адамшылық ар делінетін ұжданнан да терең, арғы себептік нәрсе бар деп есептемейді, сондықтан аталған жауап тек “ұжданның өзінің ұнатуы” ғана болып шығады деп есептейді. Бұдан шығатын қорытынды ар ұғымының секулярлі арғылық мағынасын толық түсінген Шәкәрім аталған еңбегінде үшінші анық ретінде әдейі арды емес, ұждан туралы айтқан. Яғни мұнда әлдекімдер айтып жүргендей “ар ілімі оқылуы” туралы емес (ол басқа ой), атеизмге қарсы бір уәж ретіндегі діни ұждан ұғымы арнайы талқыланған. Өйткені ойшылдың жауабы “ұждан – адамдық ардан” деген тұжырымға емес, “ұждан – Құдайдан” деген тұжырымға қарай жетелейді.

Қазақ тілінде “арлы” сөзі әдепкі мағынада жиі айтылғанымен, парсы мәдениеті ықпалына терең ұшыраған өзге түркі тілді халықтарға салыстырғанда қазақта “ұжданды” сөзі негізінен айтылмайды. Есесіне “ұжданы күйіп”, “ұжданы жараланып” секілді жан күйлері туралы сөздер көбірек, ал “ары күйіп”, “ары жараланып” деу қазақ тілі стилистикасына сай келмейді. Мұның себебі ар ұғымы субстанциялық сипаттауыш ұғым болып, адам идентитіін нұсқайды, сондықтан “арлы” сөзі “бұл кісі адами тұрғыда кім?” сұрағына жауап береді. Ал ұждан ұғымы адам этикасы мен психологиясын байланыстырып, санадағы мәлім күйді (state) суреттейді, сондықтан “ұжданы күйіп” сөзі “бұл кісінің сана әлемінде не болып жатыр?” сұрағына жауап береді. Сөйтіп қазақы тіл және мәдениет дәстүрі бойынша айтсақ, ар ұғымы арлы кісінің сана әлемінде соған дейін ар субстанциясы (ар өлшемі, ар құрылымы, ар ережелері, ар процессі, т.б.) қалыптасқанын алғышарт етеді, ал бірақ ұждан кісінің адами тұрғыда кім екені туралы емес, мәлім ситуацияда оның ішкі әлемінде қандай күй жүз бергенін ғана көрсете алады. Яғни Мендік идентити негіз еткен ережелері мен ұстанымдарына, ішкі ірі тыйымдарына, ізгі ниетті құндылық талпыныстарына сол адамның өзі қайшылық жасағанда ар таразысы (“ар майданы” деп те атауға болады) сынға түсіп, көпке таныс шоқ жұтып алғандай ұждан шамырқануы пайда болады.

Дегенмен ескеруге тиістісі, ұждан азабы тек арға қайшылықтан ғана тумайды, әрқандай моралдық қайшылық тегіс Меннің назар аудару деңгейіне орай ұждан сезімі болып санада көрініс табады. Өзін тым ақылды санайтын адам емтиханнан үш алса, оның эго абройына нұқсан келіп, ұжданы азапқа түсуі мүмкін. Бірақ үштік баға алу адамдық арға қатысты деуге келмейді, өйткені қалай айтсақ та оны ешкім арсыздық дей алмас. Ар қашанда іргелі, бірегей, тіпті өмір-өлім дерлік түбегейлі істерде шындап сыналады.

Ұждан екі сезімнен тұрады, өз моралдылығына насаттану және моралсыздығына азаптану. Ал ар негізінен ізгілік, құндылық, парасат және ерік сынды төрттаған қасиеттің тоғысымы екенін өзге зерттеуімізде арнайы түсіндіретін боламыз.

Сана мен шындық арасындағы жарықшаққа ұқсайтын кәдуілгі аралықты, тіпті ашық бостықты қабылдай алмау ұшқарылануға (polarization) ұрындырады. Әсіресе, ұждан сезімталдығы үдеген сайын сана идеал Мен елесін ойдырып шығарып, соған салыстырмалы өзін қор санау мен өзгені айыптау ұлғая түседі. Әлеуметтік мораль догмалары туралы сыни ойлай алмау, әсіресе релятивті, плюралистік және толерантты өмір салтының қалыптаспауы жоқтан өзгені қателік, күнә, жамандық, тіпті арсыздық санау пығылын асқындырып, ұжданды көкейдегі қытымыр сақшы етеді де, аяғын аңдып басу жолға айналады. Ұждан тақуалығының

моралдық және діни тықақтауы ұждан азабы болып адамның өз-өзін іштей кеміруімен шектелмейді, қайта ол біртіндеп сана ауытқуын туғызып, “өзгелерге кінәмшіл, кешірімшіл өзіне” делінетін нарциссизмге ауысып, айналасын үйлесімсіз кінәлап, қоғамға, өмірге өшіруге ұласады. Одан психопатия және социопатия сынды дерттер дамиды.

Қалыпты күйінде ұжданды сана әлеміндегі әдемі кемпірқосаққа ұқсатсақ, ауа, бу, жарық шағылысуы сынды құбылыстар үйлесімі кемпірқосақты әдемі еткені секілді, арлылануды (арлы болудың дұрыс қалыптасуы мен дамуы) негіз еткен сана гармониясы ұжданды келісті етеді. Демек ұжданға салыстырғанда ар әрқашан сергек әрі ақылды, нақты әрі өзекті. Тек адами болмысты оның болуына жалғаушы тұғыр ретінде ары түзу адамның ғана ұжданы сау болады.

Ар және намыс. Ал, намыс эмоцияға қарағанда бәсекелік, талпыныстық мағынасы басым мотивациялық ұғым, немесе ол эмоциялы, энергиялы белсенділік күйі. Намыстану дұрыс-қате моралдылығымен шектелмейді, ол адамның ішкі-сыртқы қысым, қиындық алдында өз әлсіздігі мен қателігінен жайсызданып қана қоймай, қайта өзін жеңуге және жағдайды түбегейлі өзгертуге деген күшті ішкі ерік бұлқынысы туғанын айғақтайды.

Ұялу мен ұждан азабының моралсыздықтан жайсыздандыруы түбегейлі мағынада ауыр масқара сезімдерге – өзін кем көру, қор санау, айыпты санау, күнәлі сезіну секілді негативтер шүңетіне терең батырса, ал намыстың жайсыздандыруы бейне пышақты қайраққа жаныған секілді өткірлеу, тыңайту, түлету және серпілту болып, ол ерік күшін шыңдайды, тәуекелге бел бұдырады, табанды етеді, құж қажыр-қайрат бітіреді. Сондықтан намысты адамды қателік, қиындық, сәтсіздік дегендер қинауы мүмкін, бірақ сындырмайды, қайта нығайтады; қамшылауы мүмкін, бірақ қайыстырмайды, қайта батылдандырады.

Намыс – ірілі-ұсақты маңызды істерде мығым ерік күшімен бәсекеге қабылетті болу және өзін арнау батылдығы. Намысшылдық ардың энергиялануы – ар бұйырған істі орындауға тегеуірінді, текті белсенділік көрсетуге тастүйін дайын болу. Әдетте “ар-намыс” деп қосарланып та айтылады, ондайда ол адамның ішкі ар бұйрығы мен соны орындауға белсену намысының қайшылықсыз бірігіп, Мен өзімен тұтастанып, арына сай арындағанын айшықтайды.

Демек байқағанымыздай, ұят, ұждан ұғымдарына салыстырғанда намыс ұғымы ар ұғымы секілді ұлы ұғым және намыспен үйлескен ар ғана ортаға үйлесуді көздеген ұяттың жасандылығын жеңеді, ұжданның ішкі кемірушіге айналуына жол бермейді. Дегенмен ескеруге тиістісі, намыстың ардан бастау алмауы, әсіресе сыни ақылдан ажырап қалуы жалған намыс елесіне есіртеді. Ондайда адам баянсыз нәрсеге бола бәсекеге

түсіп, әлін білмей әлек болуға тырастанады, құрғақ аброй күйттейді, даңғазалыққа салынады, даңғойлыққа тұтылады. Бейне М. Әуезов айтқандай, шындап келгенде “жалған намыс – қасиет емес, ар сақтаған – қасиет”.

Қорытынды

Қорыта келгенде, адам көбінесе ішкі қажетсінулерден туған қалауларға сай таңдау жасайтын болса да, сыртқы талап пен қысымның рөлі де айырықша болса да, ерекше ситуацияларда еркі берік тұлғалар ішкі-сыртқы сұраныстарға илікпей, арғы ар өлшеміне жүгінеді. Ардың кезіндегі таңдауларды бағалауы, кезекті таңдауларға рұқсат беруі және болашақ таңдаулардың ережелерін жобалауы себепті біз мәлім жағдайда өз қалауларымыздан бас тарта аламыз, кейбір жемісті талпыныстарымыздан да арланамыз, тіпті қоғамдық жүйе талабына қарсы келіп, ар бостандығын паш ете аламыз.

Көне гректің Suneidēsis ұғымы қазақ тіліндегі ар ұғымы секілді таңдауына болмысын үйлестіріп, тұлғалық ішкі ұстанымы бойынша іс-әрекетінің дұрыс-бұрыстығын бақылап-бағалауды білдіреді.

Ортағасыр христиан теологиясы conscientia ұғымына діни мазмұндар сіңірілген synderesis ұғымын тіркеп, секулярлі ар ұғымын объективті құдайы мазмұндармен өрнектеуге тырысқан. Дегенмен Құдайы өлшем баса дәріптелгені себепті, адами өлшем, яғни жеке тұлғаның Мендік өлшемі соншалық қолдау таппаған, Ибраһимдік діндер бәрібір адамдық арды басшылыққа алуды діннің негізгі талаптары қатарына қоспаған.

Көне Қытай философиясында ар ұғымға қатысты екі термин жолығады: liang xīn этикалық сананың жүрек бұйрығына (ізгі Меніне) сай келуін білдірсе, liang zhi этикалық сананың жақсы мен жаманды тума ұғыын сипаттайды. Бұл адам моралын эмоциялық ізгілік және ақылды ізгілік сынды екі түрлі бағытта түсіндіруге жол ашады.

Парсы тіліндегі oždan (ұждан) ұғымы алғаш ежелгі Заратуштра ілімі көкжиегінде қалыптасқаны байқалады. Бұл сөз қазақ тіліне ауысқан соң діни контекстерде жиі қолданыс тапқанына қарамастан, өзге қатысты ұғымдар жүйесінің, әсіресе ар ұғымының ықпалында мағыналық өзгеріске түсіп, эмоциялық, этикалық және діни мағынасы қоюланған деуге болады.

Ар ұғымы этикалық термин жүйесінде кейде намыс, ұят, ұждан сөздерімен қатар айтылғанымен, бұл ұғымдар өзара айқын айырмашылыққа ие. Ұят өзін өзгемен салыстыруға қатысты сезімдік күй болса, ұждан ішкі ұстаным ережелеріне қайшы келуден туатын сана күйін білдіреді. Ал намыс ұғымының сезімдік мағынасына қарағанда мотивациялық мағынасы басымырақ. Оларға салыстырғанда ар Мендік өлшемнің арғы негізі ретінде ізгілік, құндылық, парасат және ерік сынды төрт таған бойынша құрылған, интуитивті

адамгершілік ұстанымы ретінде көрініс табатын, интроспективті, перспективті және проспективті зерде құдіреті. Бұл қорытындылар ар ұғымы мағынасын тұтас әрі түбегейлі ашуға қажетті алғышарт білімдермен қамдайды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Schopenhauer A. Essay on the freedom of the will. “You can do what you want, but you can’t want what you want”. – Indianapolis, The Library of Liberal Arts press, 1960. – 102 p.
- 2 Құнанбайұлы А. Қара сөздер. Жетінші сөз // [Электронды ресурсы] URL: <https://abaiqunanbaiuly.enu.kz/2020/12/08/жетінші-сөз/> (Қаралған күні: 21.04.2024)
- 3 McGonigal K. The Willpower Instinct: How Self-Control Works, Why It Matters, and What You Can Do to Get More of It. – New York, the Penguin Group, 2012. – 271 p.
- 4 Saramago J. The Double. «Chaos is order yet undeciphered». – Orlando: Harcourt, 2004. – 324 p.
- 5 UNGA, Universal Declaration of Human Rights. The United Nations General Assembly resolution 217 A. – Paris, 10.12.1948. // [Electronic source] URL: <https://www.un.org/en/about-us/universal-declaration-of-human-rights> (referring data: 21.04.2024)
- 6 Қашқари М. Түрік сөздігі // Үш томдық. I том. – Алматы: Хант баспасы, 1997. – 590 б.
- 7 Balasaguni Y. Kutadgu-bilig. 6250 beyit. Internet archive, 2020. – 346 p. // [Электронды ресурсы] URL: <https://archive.org/details/kutadgu-bilig> (Қаралған күні: 21.04.2024)
- 8 Баласағұн Ж. Құтты білік. 5-т. 6250 шумақ. – Алматы: Таймас баспа үйі, 2007. – 536 б.
- 9 Рысқұлбек Қ. Қайрат Рысқұлбектің Ақтық хаты // [Электронды ресурсы] URL: <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/poeziya/23758/> (Қаралған күні: 21.04.2024)
- 10 Marietta D. E., Jr. Conscience in Greek Stoicism. // Numen. – 1970. 17 (Fasc. 3). – Pp. 176-187.
- 11 Sarac N. A Study on Conscience: The Content and Function // [Электронды ресурсы] URL: <https://dsc.duq.edu/etd/1105> (Қаралған күні: 21.04.2024)
- 12 Giubilini A. Conscience. The Stanford Encyclopedia of Philosophy // [Electronic source] URL: <https://plato.stanford.edu/archives/fall2023/entries/conscience/> (referring data: 21.04.2024)
- 13 Pierce C.A. Conscience in the New Testament. – London: SCM Press, 1955 // [Electronic source] URL: <https://philpapers.org/rec/PIECIT> (referring data: 21.04.2024)
- 14 Kries D. Origen, Plato, and Conscience (Synderesis) in Jerome’s Ezekiel Commentary // Traditio. – 2002. vol. 57. pp. 67-83
- 15 What is the conscience? // [Electronic source] URL: <https://www.gotquestions.org/conscience.html> (referring data: 21.04.2024)
- 16 Pope John Paul II, Catechism of the Catholic Church. – Vatican: Continuum International, 2000. 904 p. // [Electronic source] URL: <https://www.usccb.org/sites/default/files/flipbooks/catechism/442/> (referring data: 21.04.2024)
- 17 Al-Mundhīree Z. At-Targheeb wat-Tarheeb. – Beirut: Library science, 1997. 2/323. Arabic Wikipedia. // [Electronic source] URL: https://ar.wikipedia.org/wiki/ضمير_في_الفلسفة (referring data: 21.04.2024)
- 18 Chan Alan K. L. Mencius: Contexts and Interpretations. – Honolulu: University of Hawaii Press, 2002. 328 p. // [Electronic source] URL: <https://philpapers.org/rec/CHAMCA-10> (referring data: 21.04.2024)
- 19 Ding J. Z. Self-Transformation and moral universalism: a comparison of Wang Yangming and Schleiermacher // Journal of East-West Thought. – 2011. – 1(1). – Pp. 79-104.

20 Kohlan J. M. The Iranian and Arabic Root of The Word Conscience. Google translates from Persian. // [Electronic source] URL: <https://myth.tarikhema.org/article-3222> (referring data: 21.04.2024)

21 Jeffery A. The Foreign Vocabulary of the Quran. – Baroda: Oriental Institute, 1938. – Pp. 131–132.

22 Conscience; Insight and inner attitude. Google translates from Persian // [Electronic source] URL: <https://amordadnews.com/86340/> (referring data: 21.04.2024)

23 Dumoulin H. Zen Buddhism. Volume 1: India and China. – New York: Macmillan, 1988. – 387 p. // [Electronic source] URL: <https://terebess.hu/zen/mesterek/Zen-Buddhism-history-vol1.pdf> (referring data: 21.04.2024)

24 Oliphant S. G. Sanskrit dhēnā = Avestan daēnā = Lithuanian dainā // Journal of the American Oriental Society. – 1912. – 32 (4). – Pp. 393–413 // [Electronic source] URL: <https://doi.org/10.2307/3087593> (referring data: 21.04.2024)

25 Morreall J., Sonn T. The Religion Toolkit: A Complete Guide to Religious Studies. – Hoboken, New Jersey: John Wiley & Sons, 2011. – 324 p.

26 Құдайбердіұлы Ш. Үш анық // [Электронды ресурсы] URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/sakarim-qudaiberdiuly-us-anyq_20360 (Қаралған күні: 21.04.2024)

Transliteration

1 Schopenhauer A. Essay on the freedom of the will. “You can do what you want, but you can’t want what you want”. – Indianapolis, The Library of Liberal Arts press, 1960. – 102 p.

2 Qunanbaiuly A. Qara sozder. Zhetinshi soz. [The Words of Wisdom. Seventh word] // [Elektronды resurs] URL: <https://abaiqunanbaiuly.enu.kz/2020/12/08/jetinshi-söz/> (Qaralğan kuni: 21.04.2024) (in Kaz)

3 McGonigal K. The Willpower Instinct: How Self-Control Works, Why It Matters, and What You Can Do to Get More of It. – New York, the Penguin Group, 2012. – 271 p.

4 Saramago J. The Double. «Chaos is order yet undeciphered». – Orlando: Harcourt, 2004. – 324 p.

5 UNGA, Universal Declaration of Human Rights. The United Nations General Assembly resolution 217 A. – Paris, 10.12.1948. // [Electronic source] URL: <https://www.un.org/en/about-us/universal-declaration-of-human-rights> (referring data: 21.04.2024)

6 Al-Kashgari M. Turk sozdigi [Compendium of the languages of the Turks]. – Almaty: Khant, 1997. – 590 p. (in Kaz)

7 Balasaguni Y. Kutadgu-bilig [Blessed Knowledge]. Turkic original and Turkish translation. 6250 beyit. Internet archive, 2020. – 346 p. // [Elektronды resurs] URL: <https://archive.org/details/kutadgu-bilig> (Qaralğan kuni: 21.04.2024). (in Tur)

8 Balasaguni Y. Qutty bilik [Blessed Knowledge]. 6250 couplets. – Almaty: Taimas publishing house, 2007. – 536 p. (in Kaz)

9 Rysqulbek Q. Qairat Rysqulbekting aqtıq haty [Qairat Rysqulbek's last letter] // [Elektronды resurs]

URL: <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/poeziya/23758/> (Qaralğan kuni: 21.04.2024) (in Kaz)

10 Marietta D. E., Jr. Conscience in Greek Stoicism. // Numen. – 1970. 17 (Fasc. 3). – Pp. 176–187.

11 Sarac N. A Study on Conscience: The Content and Function // [Electronic source] URL: <https://dsc.duq.edu/etd/105> (referring data: 21.04.2024)

12 Giubilini A. Conscience. The Stanford Encyclopedia of Philosophy // [Electronic source] URL: <https://plato.stanford.edu/archives/fall2023/entries/conscience/> (referring data: 21.04.2024)

13 Pierce C.A. Conscience in the New Testament. – London: SCM Press, 1955 // [Electronic source] URL: <https://philpapers.org/rec/PIECIT> (referring data: 21.04.2024)

14 Kries D. Origen, Plato, and Conscience (Synderesis) in Jerome's Ezekiel Commentary // Traditio. – 2002. vol. 57. pp. 67–83

15 What is the conscience? // [Electronic source] URL: <https://www.gotquestions.org/conscience.html> (referring data: 21.04.2024)

16 Pope John Paul II, Catechism of the Catholic Church. – Vatican: Continuum International, 2000. 904 p. // [Electronic source] URL: <https://www.usccb.org/sites/default/files/flipbooks/catechism/442/> (referring data: 21.04.2024)

17 Al-Mundhree Z. At-Targheeb wat-Tarheeb. – Beirut: Library science, 1997. 2/323. Arabic Wikipedia. // [Electronic source] URL: https://ar.wikipedia.org/wiki/الضمير_في_الفلسفة (referring data: 21.04.2024)

18 Chan Alan K. L. Mencius: Contexts and Interpretations. – Honolulu: University of Hawaii Press, 2002. 328 p. // [Electronic source] URL: <https://philpapers.org/rec/CHAMCA-10> (referring data: 21.04.2024)

19 Ding J. Z. Self-Transformation and moral universalism: a comparison of Wang Yangming and Schleiermacher // Journal of East-West Thought. – 2011. – 1(1). – Pp. 79–104.

20 Kohlan J. M. The Iranian and Arabic Root of The Word Conscience. Google translates from Persian. // [Electronic source] URL: <https://myth.tarikhema.org/article-3222> (referring data: 21.04.2024)

21 Jeffery A. The Foreign Vocabulary of the Quran. – Baroda: Oriental Institute, 1938. – Pp. 131–132.

22 Conscience; Insight and inner attitude. Google translates from Persian // [Electronic source] URL: <https://amordadnews.com/86340/> (referring data: 21.04.2024)

23 Dumoulin H. Zen Buddhism. Volume 1: India and China. – New York: Macmillan, 1988. – 387 p. // [Electronic source] URL: <https://terebess.hu/zen/mesterek/Zen-Buddhism-history-vol1.pdf> (referring data: 21.04.2024)

24 Oliphant S. G. Sanskrit dhēnā = Avestan daēnā = Lithuanian dainā // Journal of the American Oriental Society. – 1912. – 32 (4). – Pp. 393–413 // [Electronic source] URL: <https://doi.org/10.2307/3087593> (referring data: 21.04.2024)

25 Morreall J., Sonn T. The Religion Toolkit: A Complete Guide to Religious Studies. – Hoboken, New Jersey: John Wiley & Sons, 2011. – 324 p.

26 Qudayberdiuli Sh. Ush ani [Three truths] // [Elektronды resurs] URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/sakarim-qudaiberdiuly-us-anyq_20360 (Qaralğan kuni: 21.04.2024) (in Kaz)

АВТОР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

<i>Хайдар Алфи</i>	старший преподаватель, кандидат философских наук, Казахский научно-исследовательский агротехнический университет имени С.Сейфуллина, Астана, Казахстан, email: haidaralphy@gmail.com , ORCID ID: https://orcid.org/0009-0002-6156-8321
<i>Haider Alphy</i>	Senior lecturer, Candidate of Philosophical Sciences, S.Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, Astana, Kazakhstan, email: haidaralphy@gmail.com , ORCID ID: https://orcid.org/0009-0002-6156-8321
<i>Хайдар Алфи</i>	Аға оқытушы, философия ғылымдарының кандидаты, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан, email: haidaralphy@gmail.com , ORCID ID: https://orcid.org/0009-0002-6156-8321